ARQALYQ habary

# Берері мол табысты оқу жылы



Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ
гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.

**Қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы маңызды мәселелердің бірі – ұлттық тәрбие екендігі баршаға мәлім. Елдің тұтқасын ұстар болашақ азаматтардың білімді әрі тәрбиелі болуы алдымен отбасыға, мектеп ұстазына және қоршаған ортаға байланысты. Бұл мәсе-**

ұлттың ірі тұлғаларының өмірбаяндарын оқыту арқылы тәрбиелеуге болады.

Елімізде қалыптасқан уақытша жағдайға қарамастан тәрбие мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Студент жастарымыз еліміздің түкпір-түкпірінде тұрса да, жоспарланған іс-шараларға қашықтықтан белсене қатысып отырды. Нәтижесі де жаман емес.

Сәуір айының 06-23 аралығында «Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ қолдауымен «Sanaly urpaq-2050» қоғамдық қоры ұйымдастырған «100 жаңа оқулық» буктрейлер форматындағы онлайн конкурсына «Педагогика және психология» мамандығының студенттері Аққали Айдана мен Максимова Аружан қатысып, жүлделі үшінші орынға ие болуы соның жарқын айғағы. Мамыр айының 5-де «Химия, биология және география» кафедрасы қала көлемінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ғылым таппай мақтанба» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсын ұйымдастырып, қала мектеп оқушылары арасында ғылымға талпынысы барларды іріктеді. Сонымен қатар осы айда философия ғылымдарының канди-

**на және қоршаған ортаға байланысты. Бұл мәселенің оңтайлы шешілуі алдын-ала жоспарланған іс-шаралардың уақытылы әрі нәтижелі орындалуымен де байланысты болмақ. Осыған орай Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласының негізінде студенттер жастардың арасында ұлттық тәрбие мәселесіне бағытталған жоспар құрған болатын. Қазір сол іс-шаралардың қорытындысын шығаратын уақыт келген сияқты.**

Биылғы оқу жылы студент жастардың бойында ұлттық болмыстың қалыптасуына игі әсер ететін берекелі жыл болғалы тұр. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясына – 25 жыл, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске – 75 жыл, Алтын Орда мемлекетінің құрылғанына – 750 жыл, Қазақ хандығының құрылғанына – 555 жыл, Әлемнің «Екінші Ұстазы» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби бабамызға – 1150 жыл, Шоқан Уәлихановтың туғанына – 185 жыл, Міржақып Дулатовтың туғанына – 135 жыл, Қазақстан Халқы Ассамблеясына – 25 жыл және Ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл. Мұны неге айтып отырмыз? Себебі ұлттық тарихты ұлттық болмыспен оқыту ғана емес, оны өзіндік жолмен түсіне білу – ұлттың мықты болуының басты жолы болып табылады. Себебі ұрпақты ұлт тарихымен, Сонымен қатар осы айда философия ғылымдарының кандидаты Г.С.Конкинаның ұйымдастыруымен өткен Әбу Насыр әль-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Әл-Фараби – ұлы тұлға» атты онлайн жүйесіндегі дөңгелек үстелге республикамыздың басқа да жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысты.

Әсіресе, филология ғылымдарының кандидаты А.К.Қалиевтың ұйымдастыруымен «Абайдың даналық сөздері – өнеге көздері» атты республикалық дөңгелек үстел тартымды өтті. Оған «Дулат және Абай: дәстүр сабақтастығы» деген атпен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ф.ғ.к. Серікзат Мақсұтұлы Дүйсенғазин, «Абай шығармашылығындағы адамгершілік мәселесі» деген атпен Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к. Айтбай Ботбайұлы Жұмағұлов, «Абай және Алаш» тақырыбында сөз алған өзіміздің түлегіміз, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, магистр, әдебиет сыншысы Елдос Тоқтарбай қатысқан болатын.

«Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласына орай институтымыздың «Қазақстан тарихы, құқық және экономика негіздері» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы жергілікті теледидарға сұхбат берді.

Бұл институт ұжымының атқарып жатқан іс-шараларының бір бөлігі ғана. Бұл бағыттағы жұмыстарымыз келер оқу жылы да жалғасын табатынына сеніміміз жоғары

Қорыта айтқанда, қазіргі жаһандану процесінде қазақ халқы сияқты ұлттың жойылып кету қаупі жоғары. Одан аман шығудың бірден-бір жолы тек қана өзіндік ұлттық құндылықты сақтап қана қоймай, оны одан әрі дамыту мәселесі біздің басты принципімізге айналуы қажет.